

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай жоғары
педагогикалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

Коммунальное государственное
казенное предприятие
«Костанайский высший
педагогический колледж»
Управления образования акимата
Костанайской области

№ 1
23.01.2025 ж.
Қостанай қаласы

№ 1
23.01.2025 г.
город Костанай

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Төраға – Раисов Рамазан Елеусизович
Хатшы – Сатыбалды Марияш Нурлановна
Қатысқандар: 9 адам, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері,
Қатыспағандар: 3 адам (Алпысов А. А., Аминова А.Р.,
Ищанова А.М.)
Шақырылғандар: 4 адам (тізім қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қамқоршылық кеңес қызметінің әдістемелік ұсынымдары және нормативтік-құқықтық базасымен танысу туралы

*Жунусова Кымбат Сагандыковна,
директордың оқу-өндірістік
жұмысы бойынша орынбасары*

2. Қамқоршылық кеңестің хатшысын сайлау туралы

*Раисов Рамазан Елеусизович,
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы*

3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын: отырыстарды өткізу тәртібі мен мерзімдерін бекіту туралы

*Раисов Рамазан Елеусизович,
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы*

4. Жұмысшы мамандықтар жылының іс-шаралар жоспарын келісу және колледждің стратегиялық жоспарына толықтыру туралы.

*Құсайын Жомарт Қонырбайұлы,
колледж директоры*

5. 2024 жылғы студенттерді жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту қорытындылары туралы.

*Жунусова Кымбат Сагандыковна,
директордың оқу-өндірістік
жұмысы бойынша орынбасары*

6. Әр түрлі сұрақтар

*Раисов Рамазан Елеусизович,
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы*

Отырыстың барысы

Бірінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Кымбат Сагандыковна Жунусованы, Қостанай жоғары педагогикалық колледжі директорының оқу - өндірістік жұмысы бойынша орынбасары. Ол ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелері және оны техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі туралы айтып берді. Үлгілік қағидалар «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44 бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі-Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына: білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік, өкілді органдардың, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің, меценаттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

ШЕШТІ:

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың Үлгілік қағидаларын және оны «Әділет» сайтында білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін егжей-тегжейлі зерделеу, ақпарат қабылдау <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584> сілтемесі арқылы қарауға болады.

Екінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Рамазан Елеусизович Раисовты, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы. Ол Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың Үлгілік қағидаларына сәйкес Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымы қызметкерлерінің арасынан тағайындалатынын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтынын еске салды. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2025 жылға арналған колледждің Қамқоршылық кеңесінің хатшысы лауазымына Сатыбалды Марияш Нурлановнаның кандидатурасы ұсынылды. Бірауыздан қабылданған шешіммен Марияш Нурлановна Сатыбалды колледждің Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып тағайындалды.

ШЕШТІ:

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Марияш Нурлановна Сатыбалды тағайындалсын.

Үшінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Рамазан Елеусизович Раисовты, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы. Ол Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» КМҚК қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын ұсынды. Қамқоршылық кеңес мүшелерін кеңес • отырыстарының, іс-шараларының жоспарлары мен мерзімдерімен таныстырды.

ШЕШТІ:

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірауыздан шешімімен Қамқоршылық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді (Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары қоса беріледі).

Төртінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Құсайын Жомарт Қоңырбайұлын, колледж директоры. Ол Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» КМҚК-да жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Бағдарламаға сәйкес оқу орнында «Серпін» бағдарламасы бойынша студенттер оқудан өтеді. Директор дуальды оқытуды кеңейту арқылы студенттердің кәсіби дайындығының сапасын арттыру туралы айтты.

ШЕШТІ:

Колледждің стратегиялық жоспарына толықтырулар қабылданып және жұмысшы мамандықтар жылының іс-шаралар жоспары келісілсін.

Бесінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Кымбат Сагандыковна Жунусованы, директордың оқу - өндірістік жұмысы бойынша орынбасары. Ол Қостанай жоғары педагогикалық колледжінің 2024 жылғы түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту есебін ұсынды. Биыл колледж 306 студент бітірді, оның ішінде 213 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша, яғни мемлекеттік бюджет есебінен (тегін) оқыды. 306 студенттің 200-і жұмысқа орналастырылды, бұл түлектердің жалпы санының 65,4% құрайды (ЖОО-ға грантқа түскендерді ескере отырып, жұмысқа орналасу көрсеткіші 72,5% құрайды). Өкінішке орай, 29 түлек жұмысқа тұра алмады. Колледж түлектерінің арасында жұмыспен қамту деңгейі 90,5% құрайды (бұл ЖОО-да оқитын, ҚР ҚК-не шақырылған, ҚР шегінен тыс жерлерге, бала күтімі бойынша демалысқа шыққан студенттер). Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының жұмысқа орналасу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары және жұмысқа орналасқандардың көпшілігі мамандық бойынша табысты жұмыс істейді.

Бастауыш білім беру мұғалімі біліктілігіне студенттердің басым бөлігі жұмысқа орналастырылды. Бастауыш білім берудің ағылшын тілі мұғалімінің біліктілігіне жұмысқа орналасу көрсеткіштері айтарлықтай төмен. Әлеуметтік-мәдени

қызмет және халық көркем шығармашылығы мамандығы бойынша түлектерді жұмыспен қамтудың деңгейі жоғары және толық жұмыспен қамтылды.

ШЕШТІ:

- 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру жоспарын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- бастауыш білім берудің шет тілі мұғалімі мамандығы оқытушыларының студенттердің сана-сезімін және педагогикалық қызметке дайындығын қалыптастыру жөніндегі жұмысын күшейту.

Алтыншы сұрақ бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Рамазан Елеусизович Раисовты, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі екенін еске салды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау бақылау-қадағалау органы іске асыратын функцияларға талдау жүргізуге және сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

ШЕШТІ:

Ақпарат назарға алынсын.

Төраға



Р. Раисов

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Алпысов Арман Амиржанович
2. Аминова Алия Рафиковна
3. Досмакова Динара Жакиевна
4. Елеусизова Гүлжан Амановна
5. Есиркепова Кенжегуль Кабдулгазиевна
6. Иманова Зухра Утепергеновна
7. Ищанова Асель Маратовна
8. Келинбердиева Ырсалды Сеилхановна
9. Курганбаева Виктория Васильевна
10. Майбасова Бибигуль Каршигановна
11. Нурканова Шолпан Бакчановна
12. Оспанова Кунжаркын Тулендыевна